

Білім беру ұйымы

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Хлебодаровка жалпы орта білім беретін мектебі

Мектепалды О «Б» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 03 - 07 қараша 2025-2026 оқу жылы

«Адал азамат» біртұтас тәрбие «Әділдік және жауапкершілік» айы

«Апта дәйексөздері» «Әділдік пен жауапкершілік - біртұтас ұғым!»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 03.11	Сейсенбі 04.11	Сәрсенбі 05.11	Бейсенбі 06.11	Жұма 07.11
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату Алалдық әліппесі «Көңілді хоровод» Мақсаты: досының эмоционалды жағдайын байқауға үйрету, досына көмектесуге деген тілегін қолдау. Балаларға құрдастарының бірі реңжіген жағдайда оны назардан тыс қалдыруға болмайтынын, ортақ әрекетке тарту керектігін түсіндіру. Балалар топ бөлмесінде хоровод ойнап жатыр, тек бір бала оларға қосылмай, шетте тосырмап, қарап тұр. Педагог балаларға сұрақ қояды: неліктен бала ойынға қосылмай, реңжіп тұр? Балалар жауап бере отырып, өз пікірлерін айта алады: ол бала бөріне кедергі келтірген шығар, сондықтан оны жазалап, ойыннан шығарды. Иә, бұл бала жағымсыз мінез-құлық танытқаны үшін өзі кінәлі шығар дей отырып, балалардың мұндай пікірлеріне педагог назар аудару қажет, мүмкін балалар оны ойынға шақырмаған соң реңкіп тұрған шығар.  Сюжетті дамыту: а) балалар ойындарын тоқтатып, баланы ойынға шақырады; б) бала ойынға қосылды, оның көңіл-күйі көтерілді.				
Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	Өнегелі 15 минут Ата-аналарға кеңес: «Балалардың қызғанышы» Балалар арасындағы қызғаныштың отбасында ежелгі дәстүрлері бар. Бұл ата-аналардың бір баланы екіншісінен артық көруіне байланысты пайда болады. Оның жаңа отбасы мүшесін қабылдауға дайындалу шеберлігіне қарамастан, жаңа отбасы мүшесінің пайда болуы әрқашан қызғанышқа әкеледі. Бұл баланың өміріндегі маңызды дағдарыс. Оған жаңа жағдайларды шешуге көмектесу керек. Кішкентай баланың туылауы туралы балаға салтанатсыз хабарлау керек. Өйткені кішінің пайда болуы үлкендердің тыныштығына қауіп төндіреді. Бес жасар қыз анасының баласы болатынын білгенде, ол өте қуанышты болды және ағасымен бірге керемет өмірдің суретін салды. Баланың жалғыз азап шегетінін білгеннен гөрі, оның сезінуге құқығы бар сезімдерін дауыстап білдіруіне мүмкіндік берген дұрыс. Балалармен уақыт өткізгенде, біз өзімізді оларға толығымен арнауымыз керек. Балалар махаббатты сезінуі керек.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптар)	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Омпы Мақсаты: Шеберлікке, мергендікке, батылдыққа, шешімдікке, ырымға ырысқа-тәрбиелейді. Шарты: Ойын тегіс алаңда, жазық жерде, тіпті үлкен бөлме ішінде де ойнала береді. Ойыншы саны неғұрлым көп болса, ойын соғұрлым қызықты өтеді. Мақсат – көп асық ұтып алу. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көмбе сызды да көмбенің тең ортасына сызық бойына әрқайсысы екі асықтан тігеді. Тігілген асықтардың тап ортасына бір асықты омпысынан тұрғызады. Балалар кезек-кезек сақаларымен он қадам жердегі омпыны атып түсіріп, асық ұтып алуға кіріседі. Егер атушы омпыға бірден тигізсе, онда тігілген бар асықты сол алады, ал омпыға тигізе алмай, тұрған асықтардың біреуіне тигізсе, сол асықты ғана алады. Асық жанартыла тігіліп, ойын жалғаса береді.		«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Арқан тартыс Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарын жүргізу, арқан тартыс ойыны арқылы балалардың қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, туған елге, жерге, өз отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Шарты: Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамамен орап белгі жасайды. Белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдағы төртіннен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін.		

ы қарау және басқалар)	ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады .				
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 5				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі-ҮІӘ)	Менің Қазақстаным ҚР гимні Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін	«Дұрыс көрсет, ажырат» Мақсаты: Балалардың тағамдар мен ыдыстар туралы біледі, олардың атауларын айта алады.	«Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы айта алды бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді	«Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: балалар әр түрлі мамандық иелерін біледі.	«Бұны қай кезде киесі?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін білмейді алады
Кестеге сәйкес ҮІӘ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Шаштараз Міндеті: - Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту Күтілетін нәтиже: Жасайды: бір-біріне жақсы тілектер айтып бойтұмар сыйлайды, келген қонаққа сұрақтар қояды, өлең жолдарындағы мамандықтарды санап айтады, өз ата-аналарының мамандықтары туралы айтып береді, шығармашылық әңгіме құрайды; Түсінеді: әр алуан мамандықтар бар екенін, бәрі де қажет екенін; Қолданады: әр мамандық иесіне қажетті затты тауып, орнына қояды —Балалар, таза, ұқыпты бала деп қандай баланы айтамыз? —Енді «ұқыпты бала» дегенге мағынасы қарама-қарсы сөз айтыңдаршы? —Сендер өздеріңді қандай балаға жатқызар едіңдер? —Өздерің таза жүресіңдер ме? Шаштараз Ұжымшарға жанадан, Келген елі	Сауат ашу негіздері Дыбыстық талдау Міндеті: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді. Қолданады: сызбаға сәйкес сөзді анықтайды «Дұрыс көрсет» дидактикалық жаттығуы — Балалар, мен сендерге сөздер айтамын ал сендер сөз үш дыбыстан тұрса, үш цифрын, егер сөз екі дыбыстан тұрса, екі цифрын жолдасыңдар. Мысалы: тай, май, су, бор, қол, бу, жақ, т.б. Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Суретке қара. Үш дыбыстан тұратын сөздерді ата. (Мая, тай, лақ, құс, шөп, әже, тал, ала.) 2. Дыбыстық талдау жаса. Педагог балаларға жұмыс дәптерде	Сауат ашу негіздері Дыбыстық талдау Міндеті: Сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді. Қолданады: сызбаға сәйкес сөзді анықтайды «Сөздерді буынға бөл» дидактикалық ойыны – Мен суреттерін көрсетіп, сөздер айтамын, ал сендер дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді буынға шапалақтау арқылы бөліңдер. Мысалы: та-қи-я, ба-лет, та-ма-ша, ба-қа, жол-ба-рыс, түл-кі, мон-шак, ал-ма, т.б. Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді ата. Ферма, сиыр, сүт, қоян, соре, қора, күнбағыс, комбайн, тал, шөп, сауыншы, қызанақ, қияр, пияз, сабіз, флига Бүгін біз дыбыстық талдауды	Сауат ашу негіздері Дыбыстық талдау Міндеті: Дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді. Қолданады: сызбаға сәйкес сөзді анықтайды «Кім зерек?» дидактикалық ойыны Ұшып кетті торғай. Га-га-га, Ұшып кетті қарға. – Балалар, көк түсті жалаушаларыңды дауыссыз дыбыс айтқанда көтеріңдер, қызыл жалаушаларыңды дауысты дыбыс айтқанда көтеріңдер. «Жалауша» дидактикалық ойыны – Балалар, мен сендерге дыбыс айтып, сол дыбысы бар сөздерді айтамын. Егер дыбыс сөз басында болса,	Көркем әдебиет Бәрі де риза Міндеті: - Әңгіменің жалғасын ойдан құрастыруға баулу. Сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу Күтілетін нәтиже: Жасайды: бір-біріне жақсы тілектер айтып бойтұмар сыйлайды, келген қонаққа сұрақтар қояды, өлең жолдарындағы мамандықтарды санап айтады, өз ата-аналарының мамандықтары туралы айтып береді, шығармашылық әңгіме құрайды; Түсінеді: әр алуан мамандықтар бар екенін, бәрі де қажет екенін; Қолданады: әр мамандық иесіне қажетті затты тауып, орнына қояды Педагог интербелсенді тақтадан мамандардың суретін көрсетіп, әңгімелейді. – Кімдердің суреттерін көріп тұрсыңдар? – Сендер өскенде кім болғыларың келеді? – Қандай мамандарды білесіңдер? – Мамандық дегеніміз адамның еңбек қызметінің түрі, маман болу көп оқуды, дайындықты, жауапкершілікті талап етеді. Мамандықтың түрі өте көп. –

	шаштараз. Өзі сондай таза алам, Өсіп кеткен шашка араз Кім бөлмесе көңілін, Өсті екен деп баста шаш. Салақ болса кімде-кім, Соны ұнатпас шаштараз өлен ішінен түбірлес сөздерді тапқызу	дыбыстық талдау жасайтындарын айтады. Әже, тай суреттері астына дыбыстық талдау жасайды. – Балалар, біз бүгін дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдауды жасауды жалғастырайық. Педагог балаларды кезекпен тактаға шығарып, дыбыстық талдау жасатады. Қалған балалар орындарында дыбыстық талдау жасайды. Қателескен жерлерін тактадағы сызбамен түзейді. «Әже» сөзінің дыбыстық сызбасын педагог тактаға іледі. – «Әже» сөзінде 2 буын, 3 дыбыс б	жасауды жалғастырамыз. – Дыбыстық талдауды қалай жасайтын едік, бірінші сөзден нені анықтауымыз керек? – Өрине, балалар, дұрыс айтасыздар, сөзде неше буын бар, соны анықтап аламы екенбіз. – Содан кейін не істейміз? – Сөздегі дыбыстарды жеке-жеке талдап, жасалуына қарай қандай дыбысқа жататынын анықтаймыз. Сызбаға әр дыбысты өз белгісімен көрсетеміз. Педагог тактаға «нано» сөзінің дыбыстық сызбасын іледі. Тактаға балаларды кезекпен дыбыстық талдау жасауға шақырады. Қалған балалар орындарында орындайды. Нан сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.	қылып жалаушаны, сөз соңында болса, көк жалаушаны, сөз ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер. Мысалы: (Е) етік, керік, себет, серке, Берік, ет, ер, елік, текемет, ел, тер, Ерлан, тәрелке, ешкі, күлгеше, жүрек, тірек, бөтенке, есік т.б. (Ә) әтеш, бөтенке, бәсіре, бәліш, әтір, әнгелек, әміре, Кәмила, Кәмшат, әйнек, мәсі т.б. (Ұ) ұршық, ұлу, ұшақ, ұзын, құмыра, ұн, құндыз, құлып, Ұлжан, ұлпа, құс, ұрыс, ұрық, ұмыт, ұқыпты, құм т.б. Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Зат атауларындағы и дыбысының орнын анықта. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті және соңында болса – үшінші бөлікті көк қарындашпен боя. 2. Дауысты дыбыстан басталатын заттың суретін қызыл сандыққа, дауыссыз дыбыстан басталатын заттың суретін көк сандыққа сал.	Балалар, сендер күнде келіп жүрген балалардың салатын адамды кім дейміз? – Ауырған адамды кім емлейді? – Киімдерді тігіп беретін адамды кім дейміз? – Шашымызды әлемілеп қылып беретін адамды кім дейміз? Бүгін осы мамандықтар туралы жазушы Мәліхат Төрежановтың «Бәрі де рипа» әңгімесімен танысамыз. Сұрақ-жауап: – Әңгіме не туралы? Авторы кім? Әңгіме қалай аталады? – Бейсен неше жаста еді? – Қонақ баладан не сұрады? Ойынды ортаға сал. – Өскенде кім болғын көзесі? Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?» (баланың ойлау қабілетін дамыту) Шарты: әр мамандық жөніне керекті заттарын тауып атайды.
--	--	--	--	---	--

«Үнемді тұтыну»– **Максаты:** Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу

	Уақытты тиімді пайдалану үшін не істеу керек? 1. Өзіңіз ұнататын іспен айналысыңыз. 2. Алдымен бір істі бітіріп қана келесі іске көшіңіз. 3. Күнделікті атқарылған істерге талдау жасаңыз. 4. Жұмыстарды кейінге қалдырмаңыз. 5. Толыққанды жұмыс істеу үшін өзіңізге көңіл бөліңіз. Өзіңіз ұнататын іспен айналысыңыз. Өміріміздегі жетістіктердің жартысынан астамы сүйікті істерімізбен айналысудың арқасында.			
2 - ұйымдастырылған Іс-әрекет				
Қоршаған әлеммен таныстыру Менің мекенжайым	Математика негіздері Қанша? Реті бойынша	Математика негіздері Дөңгелек, шаршы,	Математика негіздері Дөңгелек, шаршы,	Қоршаған әлеммен таныстыру Көшедегі қауіпсіздік

Міндеті: - Балаларға өздері тұратын тұтан қала, балабақша орналасқан шағынаудан, көше туралы түсіндіру Күтілетін нәтиже: • өзі тұратын мекенжайын айтуға дағдыландыратын тапсырманы орындайды/жасайды; • мекенжайды білу қажетті екендігін түсінеді; • өз мекенжайын айта алу дағдысын күнделікті өмірде қолданады Е. Елубасевтың өлені бойынша әр жануардың баспанасы және адамның баспанасы қалай аталатынын біледі. Педагог қала немесе ауылда әр адамның үйін мекенжай арқылы табатындығын түсіндіреді. Сөздік жұмыс: Адам тұратын үй, мекеме, кәсіпорынның орналасқан жері «мекенжай» деп аталады. Балалар өздері тұратын қала/ауылдың атын және көшелерін атайды. Балалар өз қаласының/ауылының көрікті жерлерін атайды, сол туралы әңгімелейді. Педагог: Біз ата аналарымыздың көмегімен сызылған картамен жұмыс жасаймыз. Әр биланың аты жазылған, шартты белгілер орналасқан, балабақшаға келетін жолы сызылған паракшаларды алып, баланың өзіне айтылады, балабақшаға келе жатқан жолда қандай ғимараттар бар, олар жолдың қай шетінде орналасқан, тұратын аудандары қалай аталатыны жайлы әңгімелеп, паракшаны тақтаға іледі. Педагог төмендегі жетекші сұрақтар арқылы балалардың өз мекенжайы туралы айтқызады. Өздерін тұратын көше қалай аталады? Әр бала өзі тұратын көшенің атын айтады. Көшелеріңде қандай үйлер бар? Үйлердің жанында қандай дүкендер (ғимарат, шаштарыз, дәріхана т.б.) бар?	нешінші? Міндеті 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. «Қанша?», «Реті бойынша нешінші?» сұрақтарын ажырату Күтілетін нәтижелер: менгереді: 10 санын, ретімен, тура және кері санауды. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындауды; түсінеді: заттардың санын және осы санды белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; қолданады: 10 заттан тұратын топтарды. «Цифрларды дұрыс ата» ойын жаттығуы. Жеке түрлі түсті қағаз саптаяқтарға (кружжаларға) (стикерлерге) 1-ден 10-ға дейінгі цифрларын жазады, оларды үлкен қорапқа салады. Балалардың біреуінен саптаяқтарды бір бірден шығарып, әр саптаяқтағы цифрды атауын сұраңыз. Содан кейін саптаяқтарды 1-ден 10-ға дейін дұрыс ретпен орналастыруды сұраңыз. Цифрлар көрінбейтіндей етіп стикерлерді теріс аударыңыз. Сұрақтар қойыңыз және балалардан сұрақтар коюды сұраңыз: сары (қызыл) нешінші? Үлестірмелі материал – вагондар (№ 16 парак). Педагог оларды тақтаға орналастыруды және олардың реттік санын атауды ұсынады, вагондардың астына сандары бар карточкаларды коюды ұсынады. Содан кейін педагог паровоздың орнын өзгертіп,	тікортбұрыш, үшбұрыш Міндеті Геометриялық фигуралар: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктортбұрыш атауларын, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету Күтілетін нәтижелер: менгереді: пішіндерді атауды, сандықты безендіруді; түсінеді: шаршы мен тіктортбұрыштың айырмашылығы, пішіні, өлшемі және түсі әртүрлі болуы мүмкіндігін; қолданады: қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, тіктортбұрыш, үшбұрыш пішінді заттарды табуды, пішіндерді ажыратуды және олардың түсі мен өлшемін анықтауды  Сен бұл фигуралардың қалай аталатынын білесің бе? Балалар суретті талқылайды, таныс геометриялық фигураларды атайды: дөңгелек, шаршы, үшбұрыш. Бұл кезеңде үлестірмелі материалды пайдаланады (№12- № 14 парактар). – Бұл не? (Шаршы). – Оны жиектеп айналыдырып, сызайық. Саусақтарыңды дайында. Саусақ солдан оңға қарай жүреді, бұрышқа жетеді, бұрылады, саусақ жоғарыдан төменге жүреді, бұрышқа жетеді, бұрылады, саусақ оңнан солға қарай жүріп, бұрышқа жетеді, бұрылады, саусақ төменнен жоғары қарай жүреді. (Балалардың үстелдерінде әр балаға арналған геометриялық фигуралар жинағыты бар). – Біз нені айналыдырып, жүргіздік?	тікортбұрыш, үшбұрыш Міндеті Геометриялық фигуралар: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктортбұрыш атауларын, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету Күтілетін нәтижелер: менгереді: пішіндерді атауды, сандықты безендіруді; түсінеді: шаршы мен тіктортбұрыштың айырмашылығы, пішіні, өлшемі және түсі әртүрлі болуы мүмкіндігін; қолданады: қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, тіктортбұрыш, үшбұрыш пішінді заттарды табуды, пішіндерді ажыратуды және олардың түсі мен өлшемін анықтауды «Геометриялық аңшылық» дидактикалық ойыны. Педагог бөлмеде әртүрлі геометриялық фигураларды жасырып қояды. Оларды тауып алуды сұрайды. Балалар фигураны тапқан кезде оны атап, оның қасиеттерін сипаттап айтуы керек. Ойындық жаттығу. «Фигуралар неге ұқсайды?» №12, №13, №14 парактар. Практикалық жұмыс. Фигураларды кара. Олар несімен ұқсас және қалай ерекшеленеді? Шаршы мен тіктортбұрышты бір-бірінің үстіне қой. Не байқалды? 	Міндеті: Көшедегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, балаларды өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйретуді жалғастыру Күтілетін нәтиже: • жол ережесін сақтау үшін, үнемі жол белгілері білуге арналған тапсырмаларды орындайды/жасайды; • көшеде тәртіп сақтау керектігін түсінеді; • қоршаған ортада өзін дұрыс ұстау дағдыларын қолданады. Балалар, айтқандарын, «көше» деген не? – Көше – қала немесе өзге де елді мекендердегі үйлердің арасындағы жер, жол. – Көшедегі көлік қозғалысы қай жерде болады? – Көліктерге арналған «жүріс бөлігі» деп аталатын жолда болады. Жол бойында көліктер өте көп, бірақ олар белгілі бір ережемен жүреді. Ережені жүргізуші де, жауу жүргінші де бұзбайды. Бұл ереже қалай аталады? – «Жол жүру ережелері» деп аталады. «Қаладағы серуен» ойыны Педагог балаларды алдын ата дайындалып, белгілер сызылған, қиылыс жолдары жасалған импровизацияланған «көшеге» жақындауларын сұрайды. Балалар автомобильдерге арналған, жауу жүргіншілерге арналған жолдарды атап, көрсетіп әңгімелейді. Балалар қол ұстасып, жауу жолмен жүріп, белгі тұрған жерден келесі жаққа өтіп, сурет бойынша белгілерді түсіндіреді. Жүгіруге арналған жолда, жауу жол мен велосипедшілерге арналған жолда көліктер жүрмейді.
---	--	--	---	--

		карточкаларды қайтадан ретпен орналастыруды сұрайды. Дөңтермен жұмыс. 1-тапсырма. Балалар кассаға кезекке тұрды. Оларды сана. Бірінші, екінші, тоғызыншы, оныншы болып кім тұр? Балаларды вагондағы орын нөмірлері бойынша ретімен сызып қос. Шабадаларды сана. Балаларға шабадаларды «таратып» бер. Сызып қос	(Шаршыны). – Тіктөртбұрышты көрсетеді, бұл – тіктөртбұрыш деп аталатын геометриялық фигура. – Оны айналдырып, сыз. Саусақтарыңды дайында... – Тіктөртбұрыш пен шаршының айырмашылығы неде? Шаршыны тіктөртбұрыштың үстіне қояды. – Қара, олардың бір жағы бірдей, ал қалған екі жағы әртүрлі, олар шаршыға қарағанда тіктөртбұрыштан ұзынырақ. – Балалар, тәрелкелердегі шаршы мен тіктөртбұрышты алып, алдарына қойыңдар. – Тіктөртбұрыштар мен шаршыларды салыстыр. – Шаршыны тіктөртбұрыштың үстіне қой. – Шаршы мен тіктөртбұрыштың қабырғалары туралы не айта аламыз? (Бір жақ қабырғалары бірдей, ал тіктөртбұрыштың екі жағы шаршыға қарағанда ұзын.) Одан әрі қарай балалар № 12 - №14 үлестірімелі материал парақтарымен анықтап танысады. – Фигуралар неге ұқсайды? – Олардың айырмашылығы неде, олардың ұқсас жақтары қандай?	
--	--	---	---	--

Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» «Дала» күйі Айбек Бекбосын

Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту.

		
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет		
Қазақ тілі Еліміс саяхат	Қазақ тілі Күз	Сөйлеуді дамыту Шаһтараз
Көркем әдебиет Алтын астық		Шығармашылық бейнелеу әрекеті (сурет салу, мүсіндеу, жалпырау, құрастыру)

	Міндеті: Тілдік дамытушы орта. -Қазақ халқының аң аулауда қажетті құрал жабдықтары, тұтан өлкенің көрнекі жерлері, өсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: Қазақстан Республикасында қандай жерлер барын айтты. Түсінеді: Тұтан жері жайында әңгімелеседі. Қолданады: Өз өңірін кітапшалағы картадан тауып, бояды 2. Тақырыпқа кірісу. Педагог глобус алып кіреді. Балалар, мынаның не екенін білесіңдер ме? Не нәрсеге ұқсайды екен? Иә, бір қараса допқа ұқсайтын осы бір құрал "ГЛОБУС" деп аталады. Бұл жер шарының кішірейтілген бейнесі, барлық әлем елдері дәлме-дәл бейнеленген. Бұл глобуста Қазақстан Республикамызда салынған. 3. Сіздерге еліміздің картасын таныстырайын. Қазақстан Республикасында маңызы бар 3 қала бар. Астана, Алматы, Шымкент. Өздерін білетін тағы қандай қалаларды білесіңдер? Картадан табайықшы (мұғалімнің көмегімен бірге іздейді). Балалар, маған өздеріңнің туған өлкелерің туралы айтып беріңдерші?	Міндеті: -Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: Күздік киімдер жайында әңгімелесті; Түсінеді: Күзде табиғатта қандай өзгерістер болатынын түсінді; Қолданады: Күз жайында өз ойымен әңгіме құрады; <i>Сап-сары маңай.</i> <i>Сап-сары тоғай.</i> <i>Соңғы әнін айтып,</i> <i>Құс кетті қайтып.</i> Керемет! Енді бір жұмбақ жасырсам кім жауап береді екен. Бірақ шуламай, қол көтеріп жауап береміз, келістік пе? <i>Жауап жаңбыр,</i> <i>Жер сабыр,</i> <i>Шоп, жапырақ солады.</i> <i>Бұл қай кезде болады? (Күз)</i> 3. Көңілді ойын. Күз мезгілінде неше ай бар? (3 ай бар, <i>Қыркүйек, қазан, қараша)</i> Енді үш-үштен бөлініңдер. Біріншің Қыркүйек, екіншің Қазан, үшіншің Қараша боласыңдар. Бірге отырасыңдар, мен қай айды атасам сол бала тұрады, ал күз десем құшақтасыңдар. Осылай 3 рет қайталанып ойнайды. Сіздерге ұнады ма ойынымыз? Жарайсыңдар! Сіздерге күз мезгілі ұнайды ма? Біріміз жақсы көреміз не, себебі ол кезде жеміс-жидек, дәнді-дақылдар піседі. Оларды орақ,	Міндет: Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынның, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу Күтілетін нәтиже: Жасайды: Бір-біріне жақсы тілектер айтып бойтұмар сыйлайды, қолғап қонаққа сұрақтар қояды, өлең жолдарындағы мамандықтарды санап айтады, өз ата-аналарының мамандықтары туралы айтып береді, шығармашылық әңгіме құрайды; Түсінеді: әр алуан мамандықтар бар екенін, бәрі де қажет екенін; Қолданады: әр мамандық иесіне қажетті затты тауып, орнына қояды Шаптараз -Өлеңде кім туралы айтылады? -Шаптараз қандай баланы ұнатады, қандай баланы ұнатпайды? -Сендер өздеріңді қандай баланың қатарына жатқызасыңдар? Сөздік жұмыс: Араз – қарсы мағынасында; Жұпар – әтір, ніс судың нісі. Өлеңді суретке қарап, қайталану арқылы жаттату, өлең ішінен түбірлес сөздерді тапқызу	Міндеті: -Астық жинау науқаны туралы түсінік беру. Сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру. Еңбекті бағалауға тәрбиелеу Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін ажыратады; Түсінеді: өлеңнің мазмұнын түсінеді; Қолданады: өлеңді жатқа айтады. Педагог жұмбақ жасырады. Егістікте сары алтын, Дастарқанда наны алтын. (Бидай) Педагог балаларға слайдтан бидайды, егін даласын, комбайнмен орып жатқан егінді көрсетіп, әңгімелейді. – Бұл – астық, дәнді дақыл. Мынау – бидайдың дәні. Бидайдың сабағын, дәнін балалар қолдарымен ұстап көреді. – Бидайдың дәнінен біз нан түрлерін дайындаймыз. Егін өсіп, пісіп жетілгенде айнала сап-сары болып тұрады. Бірақ дән өсіп, піскенше еңбегі өте ауыр. Осы дәннен нан да, басқа да ұн өнімдері алынады. Сондықтан оны қастерлеп, алтын дән деп айтамыз. – Бүгін ақын Қосжан Мүсіреповтің «Алтын астық» өлеңімен танысамыз.	Құмыра Міндеті: - балаларды үй тұрмысына қажетті заттармен таныстыру; - Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу - аталған заттардан қалауы бойынша жип жаспыру, оларды ою-өрнектермен безендіру - Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру Мақсаты:- құмыра туралы білімдерін жетілдіру, құмыраны сала білуге, мүсіндеуге, жаспыруға, құрастыруға үйрету Топтық жұмыстар
--	--	--	--	---	---

	 Иә, қарап отырсақ, бәріміздің туып өскен өлкелеріміз өте сұлу, көркем табиғатты, гажайып жер. Сол үшін де ел арасында <i>Туған жердей жер болмас. Туған елдей ел болмас.</i> - деген мақал бар. Естеріңде сақтап, жаттап алыңыздар.	шылғының көмегімен орып аламыз да, дүірменге апарып ұн жасаймыз, иә?  4. Кітапшамен жұмыс 4.1. Педагог дауыстап айтады. КУЗ – неше дыбыстан тұрады екен? (Жарайсыңдар, үш дыбыстан тұрады). Қане буылдап көрейік КУЗ (Дұрыс, бір буыннан тұрады екен). Балалар, енді маған көмектесіңдерші осы сөзде неше дауысты/дауыссыз дыбыстар бар екенін айтып беріңдерші? Екі дауыссыз дыбыс, бір дауысты дыбыс.			
--	---	---	--	--	--

Қауіпсіздік сабағы «ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТЕЛЕФОН НӨМІРЛЕРІ»

Сюжеттік-рольдік ойын:

Балаларды жұптарға бөлу. Бір бала қоңырау шалушының ролін, екіншісі – төтенше қызмет операторының ролін ойнайды. Әртүрлі жағдайлар көрсетілген (өрт, адам құлап кетуі, көшеде біреу айқайлап жүр және т.б.) карточкаларды тарату. Қоңырау шалуға жаттықтыру. Ол үшін бала қажетті телефон нөмірін теріп, операторға ақпарат беруі керек. Төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау: Ойын түрінде төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау. Телефон нөмірлерін есте сақтау үшін ән немесе тақпақ (рифма) ойластыру.



Пайдалы сілтемелер:

<https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij>
<https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/cpsp-material/poleznye-materialy-cpsp>
https://www.youtube.com/watch?v=HBgZoMfOc1E&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7lWQu1A-hK_6ODD&index=12

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Дене тәрбиесі Желаяктар Міндеті: - кедергілерден оту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; Күтілетін нәтижелер:	Музыка Елтанбасы елімінің Міндеті: - Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру	Дене тәрбиесі Ержүрек құмырскалар Міндеті: Еңбектеу, өрмелеу; жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағындан еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу	Дене тәрбиесі Менің көңілді добым Міндеті: допты басымен итеріп, төрттағындан еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр) Мақсаты: Допты басымен	Музыка Гүлдене бер, Нұр-Сұлтан Міндеті: Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ән орындайды.
---	--	---	---	--

	Жасайды: жолақпен жүру, заттардың арасымен тізбектеліп жүруді. Түсінеді: кедергілер алабынан қалай өту керектігін, өз әрекеттерін командасымен үйлестіруді, шектеулі жазық бетімен жүргенде тепе-теңдік сақтауды. Қолданады: екі аяқпен бірдей итерілуді, бау жүгіріс дағдыларын, кеңістікті бағдарлау дағдыларын, қол ұстасып шенбермен жүруді Тізбекпен кедергілер алабынан өту. Тізбек құрып, кедергілер алабының қасына келеді. (Кегельдер, доғалар, құрсаулар, жолақтар). Белгі бойынша кедергілер алабынан өтсді: кегельдерді айналып өтіп, доғалардың астынан өтіп, жолақтың үстімен жүгіріп өтеді. Нұсқау – тізбек шашырап кетпеуі керек	Күтілетін нәтижелер: Жасайды: шығарманы тыңдайды, сипаттайды; дауысқа күш түсірмей ән орындайды. Түсінеді: қарапайым музыкалық терминдерді. Қолданады: мәнерлі қимылдарды және би қимылдарының элементтерін орындайды. Музыка тыңдау: «Аху» (Н. Тілендиев, ұлтаспа) Ән айту: «Елтаңбасы елімің» (Д. Омаров) «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шенберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Аспаптардың дауысын ажырату»	Күтілетін нәтижелер: Жасайды: допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды; гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеуді; арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді. Түсінеді: төзімділік, ұйымшылдық тәрізді қасиеттер жеке тұлға болып дамуына қажет екенін. Қолданады: түрлі жүктемелерде тыныс алуды қалыптастыру, дұрыс тыныс алу, топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындайды. Ана тауық елендеп: Мынау несің дауысы екен білесіңдер ме? Бұл сендердің басты жазуларың - тарғыл мысық «ыс - ыс - ыс» деп аябат шегіп, балапандарды үркіте бастайды. (балапандар алаңда бытырай жүгіреді.) Ана тауық: Әй тарғыл мысық, тиме менің балапандарыма, тұмсығыммен өзінді шұқып аламын. Мысық: Мияу, мияу, мықтыларға тимеймін, мен тек әлсіз балапандарды ғана жеймін. Кім мен сияқты жер бауырлап барып, ағашқа өрмелей алса, сендерге тимеймін, ал қай балапан жасай алмаса, сол менің бүгінгі асым болады. Негізгі қимыл: Балапандар 2 қолнағана тұрып, еңбектеп гим. скамейканың астынан өтіп, гим. қабырғаға өрмелеу. Мысық: Мияу - мияу Күштілерге тимеймін Балапан өтіп жемеймін. Ана тауық: Жарайды, тарғыл, енді бізбен бір ойын ойна. Қимыл ойын: Тарғыл мысық және балапандар. Ойынның мақсаты: Кеңістікті барлай отырып алаңдағы өз	итеріп жүргізіп, алдыға қарай еңбектеуді жалғастыру. Аяқ-қолын жинап, жұмырланып отырып алдыға-артқа домалауды бекіту Күтілетін нәтиже Жасайды: доппен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын, «Күлімдейміз күндей» ойын жаттығуын, допты басымен итеріп жер бауырлап еңбектеп жүру. Түсінеді: допты екі жағынан қысып ұстау, сипта тұрып арақашықтықты сақтау, допты жерге соғылғаннан кейін қағып алу, «арқасына аунау» термині. Қолданады: үш тізбекке тұру дағдысы, доппен түзету жаттығуларын орындау, еңбектеп жүру, залмен қозғалғанда кеңістікті бағдарлау, арқасына аунағанда дұрыс жиналып Жұмырлану 4 метрге допты басымен итеріп жүргізіп, алдыға қарай еңбектеу. (2 рет) Жаттығуды орындағанда өздері білетін жер бауырлап еңбектеу дағдыларын қолданады. Денені жинап алып отырған күйден алдыға-артқа домалау (5 рет). Тізделерін біріктіріп, қолдарын жерге тіреп, нығыз қол басының деңгейіне келтіріп, басын тұзу ұстау. Осы қалыптан барлық негізгі акробатикалық жаттығулар басталады	женіл, тиірек дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айтады. Түсінеді: ән айту дағдыларын, әрежелерін. Қолданады: халық би қимылдарының элементтерін, музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды Музыка тыңдау: «Асқайт, Астана» (А. Әлиев) Ән айту: «Астана» (А. Досмағанбет) «Елтаңбасы елімің» (Д. Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәденбай) «Құстар» (Т. Ломова) Билер: «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Мен жүйшімін»
--	---	--	---	---	---

			орындарын табуға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Бала бойында ептілік, табандылық секілді қасиеттерді қалыптастыру.		
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	Бақылау: Шықты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы. Еңбек : Ағаш бұтақтарын жинау. Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. Жеке жұмыс: « Менің Отаным » өлеңін жаттату. Отан – менің ата-анам, Отан-досым , бауырым. Отан-өлкем, астанам, Отан-туған ауылдым. Мақсаты: Отанын сүйге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру. Ойын: « Қояндар секіреді » . Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: « Қаздар мен бақташы » . Ойын барысы: Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады.Басқа балалар болады.Ортадан бір сызық созылады.Ол-қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып шығады.Олар далада жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар!? Қаздар: га,га,га Бақташы:тамақ жейсіңдер ме? Қаздар: иә, иә, иә. Бақташы: Ендеше ұшыңдар. Қаздар:жөк , аш қасқыр бар Жібермейді ол жолда Бақташы: тез ұшыңдар қалайда !	Бақылау: Өткізші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткізші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. Еңбек : Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Жеке жұмыс: « Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер » . Мақсаты: Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Қимылдық ойын : « Дөңгі қуып жет » . Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу. Қимылдық ойын: « Кім тезірек? » Мақсаты: Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-	Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге де әсер ететіндігін түсіндіру. Еңбек : Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс : Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жүлгізып. Мақсаты: Такпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.. Қимылдық ойын: « Айгөлек-ау, айгөлек » . Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Қимылдық ойын: « Фигура жасап шық » Ойын барысы : Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса (ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап алады. Еңді басқарушы	Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру. Еңбек : Гүл тұқымдарын жинау. Мақсаты: Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру. Жеке жұмыс: Сипап өткен самалға, Тербеледі сары алма. Көз салып едім бақшаға, Қауын біткен сары ала. Дидатикалық ойын: « Жемістер мен көкөністер » . Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырату.Олардың адам ағзасына тигізер пайдасын түсіндіру. Қимылдық ойын: « Тышқан мен мысық » Мақсаты: Балаларды тату ойнауға үйрету .Тез жүгіруге , ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Қимылдық ойын: « Дөңгімен ұрып алу » . Ойын барысы: Балалар дөңгеленіп тұрады.Тәрбиеші жүргізушіні таңдап алады да , дөңгі береді. « Бір, екі , үш » дегенде балалар жан-жаққа қашады.	Бақылау: Көгершінді бақылау. Мақсаты: Балаларға көгершінің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні , тұрғысы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп , оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Еңбек : Ауладағы құстарға жем беру. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге , құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа! Мақсаты: Балаларға такпақ жаттата отырып , есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуге мүмкіндік туғызу. Ойын: « Шымшық дөп » . Мақсаты: Дөпті қатты тебуге, оны ұстап алуға үйрету.Ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Қимылдық ойын: « Ұстаушы, лентаны ал » . Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа , тапқырлыққа , жылдам шешім қабылдауға үйрету. Ойын барысы: Ойнаушылар шеңбер жасап тұрады, ұстаушыны таңдап алады. Ұстаушыдан басқасы түсті матаның немесе лентаның қиындысын алады да, оны мойнынан айқара айналыра байлайды. Ұстаушы шеңбердің ортасында тұрады.Тәрбиешінің « Жүгір » деген сигналы бойынша балалар бет-

	Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақтанығы қарай жүгіреді. Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет оянтандарында ауысып басқа балаларға кезек береді. Еркін ойындар. Тренинг: « Қаздар болып ұшайық » Еркін ойындар Мақсаты: баланың жан – жакты дамуына әсер ету	біріне бөгет жасамай сапқа тұрады. Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады. Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді. Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады. Тренинг: « Қолшатыр » . Еркін ойындар Мақсаты: баланың жан – жакты дамуына әсер ету	бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанатын. Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру: Қуаласпик. Тығылыспақ. Тренинг: « Кніз ұй » . Еркін ойындар Мақсаты: баланың жан – жакты дамуына әсер ету	Жүргізуші доппен ұрады. Кімге тисе сол ойынның пығамы: Ойын осылай жалғасады. Еркін ойын: « Қуыршақты киіндіреміз » « Отбасы » Тренинг: « Біз көңілді балалар » . Еркін ойындар Мақсаты: баланың жан – жакты дамуына әсер ету	бетімен алыға кетеді. Ұстаушы ойынушылардың соңынан жүгіріп, біреуінің лентасын суырып алуға тырысады. Лентасынан айрылғандар ұяқтыша бір жайға шығып тұрады. Тәрбиешінің: « Бір, екі, үш, төртеге шеңберге жүгірі! » деген сигналы бойынша балалар шеңбер құрып тұрады. Ұстаушышы алынған ленталардың санын есептеп, оны балаларға қайтып береді. Ойын жаңадан ұстаушы тағайындаудан басталып , қайталанатын. Тренинг: « Құс болып ұшайық » Еркін ойындар Мақсаты: баланың жан – жакты дамуына әсер ету
Серуеннен оралу	Ретімен шешіну. Өз-зіне қызмет ету.				
Балалармен жеке жұмыс	Қуанышбек Әлінуір сандарды санауға үйрету. Д/ойын: «Кім жылдам!	Ақылбек Зере сөздерді анық айтуға үйрету. Д/ойын: «Сөзді айтуға көмектес»	Дарбаев Қайнар пішіндерді ажырата білуге үйрету. Ойын: «Пішіндер доминосы»	Бахыт Асель қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Суреттен ойын-жаттығу «Үзік сызықтарды қос»	Шаринов Ғалым ермексазбен жұмыс жасауға үйрету. Мүсіндеуден ойын-жаттығу: «Асық»
Балалардың іс- әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)*	Сәулеттік - ролді ойын: «Көше» Мақсаты: Балаларға бағдаршамның атқаратын жұмысын, автобуска міну, көшеден өту ережелерін үйрету. Жағдаят: Бағдарламалық мазмұны: 1. Балаларға көліктердің түрлері, жүргізушілердің еңбегі және көше қозғалыстарының ережесі туралы түсінік беру. Көше ережелерінің белгілерін түсінуге, ажырата білуге үйрету, көше қозғалыстарының ережелері жайлы білімдерін кеңейту. 2. Көше қозғалыстарының негізгі ережелеріне бағына білуге тәрбиелеу. Ойын атрибуттарын жасау, реттеушіні, жаяуларды, жүргізушілердің ролін ойнауды үйрету. Атрибуттар: түрлі көліктер, қоласқалар, велосипедтер, бағдаршам, белгілер, реттеушінің жұмыс юімі, жаяуларға арналған белгілер, жаяулар, жүргізушінің куәлігі, реттеушінің таяғы. Қатысушылар: полиция-реттеушісі,	ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ «Қымбат-арзан» дидактикалық ойын Мақсаты: балаларға азық-түлік түрлері туралы түсінік беру; тауарды талдауға, арзан заттан қымбат затқа қарай (немесе керісінше) ретімен орналастыра отырып, арифметикалық әрекеттерді қолдануға үйрету. Материал: азық-түлік өнімдері, монеталар бейнеленген карточкалар. Барысы: 1- нұсқа. Балаларға карточкалар ұсынылады, олар азық-түлік өнімдерін осы ретімен арзанның қымбатқа қарай және керісінше орналастыруы қажет. 2-нұсқа. Балаларға азық-түлік өнімдері бейнеленген карточкалар беріледі, бағаны азық-түлікпен	Саусақ ойыны: «Не өзгерді?» Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. Көнекіліктер: Жеміс пен көкөністің мультяжы. Ойын барысы: Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып, Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады. 	Пенталогиялық ойын: Ойын: «Атомдар мен молекулалар» Мақсаты: Бұл ойындам өткізудегі мақсат, сіздердің ұжымдарыңыздың бірлігін, ынтымақтастығын анықтау. Ал ойынның атом мен молекула деп аталуы тақырыпқа сай нидиго балалардың ДНҚ құрылымынан өзі басқа балалардан өзгеше. Яғни аззасқанда хромосомалар құрылымы өзгерген. Ойын шарты: «Барлық ойыншылар кең, бос бөлменің ішінде ары-бері қалай болса солай жүреді, бұл уақытта олар атомдар болып есептеледі. Біздің білетініміздей атомдар молекулаларға айнала алады. Молекулаларда 3, 4, 5, атомдар бола алады. Ойыншыларға	Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары Ойын: «Дыбыстарды анықта» жаптығуы Мақсаты: Балалардың фонетикалық дыбыстарды менгерту, оғанға деген құштарлықтарын дамыту, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ойын шарты: Фонематикалық айыруға қабілетін дамытуға арналған. Бұл қабілеттер оқуға, жазуға, шетел тілдеріне табысты оқытудың негізінде жатыр. Балаға түрлі заттар бейнеленген суреттер ұсынылады (2-сурет). Баланың бұл затты білетіндігін тексеріңіз. Содан кейін сіз кез-келген сөзді айтыңыз және баладан сол дыбыстан басталатын затты көрсетуін өтініңіз. Мысалы, сіз «сүт» сөзін айтсаңыз, бала «смыр» суретін көрсетеді, өйткені екі сөз де «с» әрпінен басталады.